



Алматы - менің сүйікті қалам

Мен Алматы қаласының тұрғынымын. Мен осы қалада тудым, осы қалада тұрып жатырмын. Көптігінің пікірінше, Алматы - Қазақстан қалаларының ішінде ең сұлу қала. Мен де осы пікірге қосыламын. Өз қаламды мен өте жақсы көремін. Қазір сіздерді қаладағы өзімнің ең сүйікті жерлерімен таныстырамын.

Алматы бүгін - әдемі ғимараттары, көптеген саябақтары бар ірі мегаполис болып табылады. Қала Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан. Алматы қаласы тұрғындарының саны 1,6 млн адамды құрайды.



Көктөбе тауы – қаланың ең бір әсем де таңғажайып орындарының бірі. Ол теңіз деңгейінен 1100 м. биіктікте орналасқан. Аспалы жол Көктөбені қаланың орталығымен байланыстырады, аттану нүктесі Арман театры жанындағы станциядан басталады, жолдың ұзақтығы 1727 м, жүруге кететін уақыт 6 минут.

2007 жылы алматылық мүсінші Э.Казарян туындысы “Битаз” рок-группасына ескерткіш ашылды.. Мұнда өте көңілді әрі ғажайып. Көктөбе – ертегілер әлемі.



Шымбұлақ - Альп тау шаңғы курорты 2200-2500 метр биіктікте орналасқан. Ол 1954 жылдан бастап туристер үшін ашық. Шымбұлақ – менің ең сүйікті демалыс орным. Біз мұнда отбасымызбен жиі келеміз. Осында мен кішкентай кезімде шаңғы тебуді үйрендім.



Зенков кафедралдық шіркеуі - әлемдегі ағаш ғимараттар арасындағы тоғыз ескерткіштерінің бірі болып табылады. Оның қабырғасындағы картиналар, декорация және интерьер өзінің әдемілігімен келушілерді таң қалдырады. 1911 жылы Рихтер өлшемі бойынша 10 балдық ауыр жер сілкінісі кезінде доғармаған ғимарат жоғары сапада салынғанын дәлелдеді.



Медеу дегенде көз алдымызға күнге шағылыса жалтылдаған қарлы шырша, аспанмен таласқан Тянь-Шань шыршалары, таудың қоныр салқыны, жұпар иіс пен тап-таза ауа елестейді. Алматылықтардың сүйікті демалыс орны - «Медеу» мұз айдыны!

Менің қалам - спорт қаласы. Алматы «Азия ойындары 2011», бокстан әлем чемпионаты, дзюдодан әлем кубогы мен трамплиннен шаңғымен секіру, волейболдан «Grand Prix-2013» және профессионалды веложарыс “Tour of Almaty” секілді беделді іс-шаралардың арқасында халықаралық атаққа ие. Биыл 30 қаңтар мен 8 ақпан аралығында Алматыда Бүкіл әлемдік Универсиада өтті. Бұл ұмытылмайтын спорттық мереке! Біз отбасымызбен мәнерлеп сырғанауды да, биатлонды да, шаңғымен сырғанауды да көріп, өзіміздің спортшыларымыздың жанкүйері болдық.



Біздің достық және жасыл мегаполисқа қош келіңіз! Біздің Алматы қаламыздың көрікті жерлерін аралап, сіздің қайтадан келгіңіз келеді!

**СУФИЕВА АЛИНА
7 Б**





Астана - бас қала

«Астана-бас қала» - деп айтылуында үлкен сыр жатқан секілді.

Жаңа астанада көп қабатты үйлер, ғимараттар жаңаша сәнмен, ерекше көрікпен салынып жатыр. Қаланың әсемдігіне қарап көзің тоймайды. Шет елдердегі қалалар секілді. Жаңа қаланың ортасынан бой көтерген Бәйтерек, Ақ орда, Үкімет үйі -бәрі-бәрі де ерекше сәнмен орын тепкен. Әсіресе алаңқайларға егілген,қазақша өрнекпен бейнеленген қызыл- жасылды гүлдер, жан-жағына салқын леп таратып тұрған түрлі-түсті фонтандар, халқымыздың ертегі-дастандарынан алынған ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері менің көз алдымнан ешқашанда кетпейтін шығар.



Мен Астанада әкеммен болдым. Сол кезде жанымда сыныптас достарым болмағанына өкіндім. Мүмкін биылғы жазда сыныбымызбен Астана қаласына бірге барармыз деп ойлаймын. Бұл менің ғана емес, көптеген достарымның арманы. Ал жақсы нәрсені армандау, жақсы ниет жасау - кез-келген қазақ баласына тән қасиет.

1998 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша Астана қаласын «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлемнің 12 жас қала арасынан Астана қаласы жоғары атаққа иеленді.



«Астана-Бәйтерек» кешенінің биіктігі - 97 метр. Металл, әйнек және бетоннан тұрғызылған «бәйтерек ағашының» жалпы биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асады. Кешеннің үстіңгі жағында орналасқан алып шардың диаметрі - 22 метр, салмағы - 300 тонна. Алып шар «хамелеон» әйнектерінен жасалған. Күн сәулесінің түсуіне байланысты шар түсі ауысып тұрады



«Хан-шатыр» - сауда және ойын-сауық орталығы. Танымал британ сәулетшісі Норман Фостердің жобасымен салынған. Қала орталығында бой көтерген бұл ғимараттың салмағы 2300 тонна, ол болат металдан тұрғызылған. Шатыр биіктігі 150 метрге дейін жетеді, сыртқы жағы тұтас әйнектермен қапталған.



Бейбітшілік пен келісім сарайы – архитектуралық құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Ол Астана қаласының қолдан жасалған жотаның үстінде орналасқан

Бейбітшілік пен келісім сарайында Қазақстан халық ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, университет, 1,5 мың орынды опера залы, кең орталық атриум мен қысқы бақ орналасқан. Сарай ғимаратының құрылысы құбылмалы ауа райын ескере отырып салынған; оның кіре берісі жер астында орналасқан.

Астана-бас қала. Ол – ең әдемі, әйгілі, жас қала. Оның болашағы әлі алда. Мен Астанамен кимай қолтастым.

ИСАК-ЗАДЕ ЛАУРА
7 Б



Мен спортпен шұғылданамын

Дене шынықтыру тәрбиесі дегеніміз - адам денсаулығын сақтау мен нығайту және дененің дұрыс дамып қалыптасуына жеткізу.

Дене шынықтыру тәрбиесінің мақсаты — салауатты өмір сүру негіздерін білу және ұстану, өз еркімен дене шынықтыру және спортпен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру.

Менің атым - Қасымхан. Мен алты жасымнан бастап спортпен шұғылданамын. Менің ең сүйікті спорт түрлерім: баскетбол, футбол, жүзу және жүгіру. Қазақ ұлттық спорт ойындарынан маған асық ойыны ұнайды. Бұл ойын мергендікке үйретеді. Ойынның мақсаты – көп асық ұтып алып алу арқылы ұпай жинау. Асық ойнау үшін мен асықтарды жинаймын.

Менің ойымша, адам спортпен айналысса, ол болашақта күшті, әдемі болады және ауырмайды. Спорт-денсаулық кепілі. Себебі үйде ештеңе қылмай жата берсең, ауыра бересің, еш пайда таппайсың, ал егер спортпен шұғылданып жүрсең, уақытыңды босқа кетірмейсің, өз денсаулығыңа үлкен пайда жасайсың! Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Сондықтан біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен айналысуымыз керек.

ТҮРҒАНБЕК ҚАСЫМХАН
6 В



Дубайға саяхат

Біз қыстығүні отбасымызбен Дубайға бардық. Бір күні біз ең биік ғимаратқа шықтық. Ол «Бурдж Халифа» деп аталады. Бұл ғимарат әлемде ең биік деп саналады. Оның биіктігі – 200 қабат. Біз 124-нші қабатта болдық. Жоғарыға көтерілгенде, свет сөніп қалды, біз лифтте тұрып қалдық. Сосын лифт өте үлкен жылдамдықпен көтерілді. Жоғары қабатта қаланың тамаша көрінісі ашылды. Бұл жерден бинокль арқылы әр ғимаратты, әр адамды, әр ағашты көруге болады. Бұл ешқашан ұмытылмайтын сәттер! Ал кешке таман біз жерде тұрып, осы ғимараттың үстінде басталған отшашуын тамашаладық. Ол өте әдемі және жарқын болды. Отшашудың жарығынан жер алуан түсті болды. Біз осы ғажайып көріністі ата - аналарымыздың достарымызбен қарадық. Олар Дубайда өмір бойы тұрады. Содан кейін бірге біздің қонақ үйімізге кеттік. Біз келгенде қонақ үйдің тұрғындары Жаңа жылды мерекелеп жатты. Қонақ үйдің холында шырша тұрды, музыка ойнап тұрды...

Бұл Жаңа жылды бірінші рет үйден тыс жерде қарсы алдық. Онда жақсы болды, бірақ үйде одан да жақсы! Біз өз туған жерімізді, өз туған қаламызды сағынып қалдық. Үйге қайтқанда, Алматыны құшақтап алғымыз келді!

ГАЦАЕВА МАРЬЯМ
6 В

